

2011 жылға нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Зеренді ауданының әкімдігінің 2010 жылғы 29 желтоқсандағы № 560 қаулысы. Ақмола облысы Зеренді аудандық Әділет басқармасында 2011 жылы 14 қаңтарда № 1-14-152 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренді ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 651 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренді ауданы әкімдігінің 30.12.2011 № 651 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 5 бабының 2 тармағына, 7 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 «Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесі белгіленсін: маусымдық жұмыстардың аяқталуына байланысты еңбек шартының мерзімі аяқталған тұлғалар;

жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;
колледждер мен кәсіби лицейлердің түлектері;
ұзақ уақыт бойы (он екі айдан артық) жұмыс істемейтін тұлғалар.

2. Зеренді ауданы әкімдігінің «2010 жылға нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы» 2010 жылғы 18 ақпандағы № 59 қаулысының (құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1-14-131 тіркелген, 2010 жылы 30 наурызда «Зеренді» газетінде жарияланған) күші жойылған деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **Ә.А.Таласбаеваға** жүктелсін.

4. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е.Сағдиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК